

«Бекітемін»  
ЖШС «Лилия» бөбекжай  
балабақшасының меңгерушісі  
Л.И.Яворская

ЖШС «Лилия» бөбекжай  
балабақшасының меңгерушісі  
Л.И.Яворская



**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА  
ӨТКІЗІЛГЕН АТА-АНАЛАР  
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
ХАТТАМАЛАРЫ**

ШЫМКЕНТ 2025ж.

**Күн тәртібі:**

1. «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.
2. «Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның рөлі» тақырыбында әдіскердің баяндамасы.
3. Медбике қызметкерінің жұмысымен таныстыру.
4. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар! Биылғы оқу жылының жоспары бойынша ұйымдастырылып отырған №1 ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер. Жиналыстың тақырыбы: «Келіңіз, танысайық!» ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау» деп аталады. Биылғы 2025-2026 оқу жылының мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру. Сонымен қатар, балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын оята отырып, тіл байлығын дамыту. Балалардың экологиялық мәдениетін, құқықтық және сауаттылық негіздерін қалыптастыру.

**Міндеті:**

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Балалардың салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, өзіне, отбасына, құрдастарына деген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Балалардың қаржылық сауаттылық жайында түсініктерін қалыптастыру;
- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бақшамызда 145 бала тәрбиеленеді, яғни 6 топ жұмыс жасайды. Олардың 2-ортаңғы топ, 2 ересек тобы, 2-мектепалды даярлық тобы. Биыл

өтті. Сонымен қатар балабақшаның бала тәрбиесіндегі маңызы туралы, балабақшада баланың танымдық қабілеттерін дамытуда тәрбиешінің рөлі туралы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру туралы толық оқып шықты. Баяндама соңында отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығының маңызы мен оның бағыттарына тоқталып, баяндамасын қорытындылады.

**3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе туралы «Медбике қызметкерінің жұмысымен таныстыру» туралы сөз кезегін медбике М.К. Попкова сөз алды.**

- Саламатсыздар ма, ата-аналар! Біздің бақшада 6 топ жұмыс жасайды. Әр топ балаларына арналған ойын топтары, жатын бөлмелері және ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған бөлмелер мен санузелдер бар. Тан ертен 8 болмай тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері бақшаға келіп, есік терезелерді ашып, желдетеді. ҰІӨ өтетін бөлмелерде үстел үстерінен бастап, еденге дейін хлормен сүртіліп, ойын бөлмелерінде кешкісін жуылып кеткен ойыншықтарды орындарына қойып, сүрелердің шандары сүртіліп, жердегі кілемдерді жинап, астын хлормен сүртеді. Міндетті түрде кварц қосып, тазартады. Балалар келгенше топта барлық санитарлық гигиеналық шаралар жасалады. Ал мен міндетті түрде барып, тазалықты күніге тексеремін. Санузелдердегі раковина мен унитаздар міндетті түрде хлормен жуылу керектігін тәрбиеші көмекшілеріне ескертемін. Ал одан соң кіре беріске барып, келген балаларды қабылдау басталады. Мен балалардың температураларын тексеріп, денесінде ешқандай бөртпенің жоқтығын анықтап, дені сау екеніне көзімді жеткізіп, бақшаға қабылдаймын,- деп толық айтып өтті. Сонымен қатар, балабақшада жүрген баланың бір мезетте ыстығы шығып, мазасы кетсе немесе таңғы асты жеп болған соң құсып жіберсе, т.б. күтпеген жағдайда қандай шара қолданатыны туралы айтып өтті.

Құрметті ата-аналар, - деп Медбике сөзін жалғастырды. Егер балаларыңыз аурып қалса, міндетті сүрде анықтама аштырыңыз. Бала жазылған соң анықтаманы алған кезінде мына нәрсеге көңіл бөліңіздер. Анықтамада емхананың 3 мөрі, дәрігердің қолы және міндетті түрде кюар код болу керек. Осы кюар код арқылы Дамумед программасымен анықтаманың жарамдылығын тексереміз,- деп медбике сөзін қорытындылады.

**4. Күн тәртібіндегі төртінші әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.**

- Алдағы оқу жылымыз бәрімізге де сәттілік әкелсін. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде әр жұма күндері тәрбиешілер балаларға қауіпсіздік жайында тәрбие сағаттарын өтеді. Ол тәрбие сағатында әр түрлі тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мысалы: Үйде жалғыз қалғанда, ашық терезеге жақындама, өрттен сақ болу, көшеде бөтен адамдармен сөйлеспе, т.б. Мұндай қауіпсіздік ережелері жайында сіздерде үйде айтып отырсаңыздар баланың есінде міндетті түрде қалады. Ал енді

сұрақтарыңыз болса қоя беріңіздер, - деп сөз кезегін меңгеруші ата-аналарға берді

- Менің сұрағым бар, - деп сөз кезегін мамонтенок тобының ата-анасы АМ.Тарвердыева алды. Менің балам алғаш рет балабақша табалдырығын аттап келіп отыр. Анасы ретінде мен қатты уайымдаймын, баламның қарны аш емес пе, тәрбиеші баламға ұрысқан жоқ па, қасындағы құрдастарымен бірге ойнап жатыр ма, әлде бір өзі жалғыссырап отыр ма деген сұрақтар мазалайды. Сол себепті сізге бір сұрағым бар. Балалардың бір күндік асы туралы айтып берсеңіздер.

Бұл сұраққа медбике М.К.Попкова жауап берді:

-Мен аспазшымен бірге отырып, ас мәзірін жазаймыз. Ас мәзірінде бір күннің тамағы екінші күнге ұқсамайтын әр түрлі тағамнан құралған. Таң азанымен біз балаларға әртүрлі ботқа дайындаймыз және нанға май, сыр қосып береміз. Ал сусынға шәй, какао береміз. Ал түскі асқа 1 ас –сорпаның алуан түрін және 2-асқа қою тамақты береміз. Оған қосып салаттың әртүрлі түрін және сусыннан каркаде, компот, кисел береміз. Ал түс қайта, балалар ұйқысынан ояңған соң оларға жемістер, алма, банан, т.б. береміз, кейде булочка, айран, кекс, әр түрлі ботқаның түрлерін пісіріп береміз, - деп сөзін аяқтады медбике.

-Менің айтарым бар, - деп сөз кезегін М.Ахимбаева сөз алды. Мен сұрақ қоймаймын, мен бұл бақша меңгерушісі мен қызметкерлеріне алғыс айтқым келіп отыр. Балабақша іші де сырты да әр уақытта тап таза, көгалдандырылған, газон егілген. Ал ішіне кірсен едендер әр қашан таза, терезелері жылтырлап тұрады. Менің қызым бақшаға қуанып келеді. Тәрбиешісін сондай қатты жақсы көреді. Тәрбиешісін ылғи да мақтап отырады. Сіздерге үлкен рақмет, - деп алғысын білдірді.

-Сіздерге де рақмет, уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге, - деп меңгеруші сөз алды. Егер де сіздерді мазалайтын кез келген сұрақтарыңыз болса, менің есігім әр дайым ашық, кез келген мәселені шешуге болады. Ең алдымен біздің мақсатымыз бір – ол бала тәрбиесі екенін ұмытпауымыз керек. Егер де біздің қарым-қатынасымыз жақсы болса, баланың да көңіл күйі жақсы болады. Балаға айтпасаң да ол барлығын сезеді. Сондықтан, сіздерге де сәттілік, бізге де сәттілік тілеймін. Ал, құрметті ата-аналар, басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтайық, -деп меңгеруші ата-аналармен қош айтысты.

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

С.С.Маманова



## №2 Ата -аналар жиналысының хаттамасы

18.12.2025ж.

Қатысқандар: 42

Күн тәртібі:

1. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері
2. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» әдіскердің баяндамасы
3. Наурыз мерекесі - ата-аналар үшін ашық есік күні. Келіңіздер, бірге тойлайық»
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер! Біздің ұйымдастырып отырған ата-аналар жиналысымыздың мақсаты- бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Бала тәрбиелеуде бір мақсатта , бір бағытта жұмыс жасау және балаларымыздың жеке тұлға болып қалыптасуына екі жақтап ықпал жасау, - деп меңгеруші ата-аналарға бүгінгі жиналысымызда қаралатын мәселелерді оқып шығып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері» бойынша сөз кезегін медбике М.К.Попковаға берді.

- Саламатсыздар ма, ата-аналар,- деп медбике ата-аналармен амандасып, сөзін жалғастырды. Мектепке дейінгі балалардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығына теріс әсер беретін факторларының қатырына балабақшада және отбасында қарапайым мәдени-гигиеналық нормалардың орындалмауын айтуға болады.

Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, балалардың арасында 40 пайыз мәдени – гигиеналық дағдылардың қалыптаспауының себептерінен деп саналады. Біздің балабақшада 6 топ бар. Әр топтың өз тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :Ылғалды жинау.2. Түбегейлі жинау (генеральная уборка) болып бөлінеді.Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кроваттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы :кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады.

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды. Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта түгел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады. Еден жуу тәртібі: таза сумен жуып алады, сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады, құрғатып сүртіледі.

Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып тұрады, - деп медбике Део Хлор ерітіндісін қалай дайындайтыны жайында, тәрбиеші көмекшісінің бақшада киетін ауысымдық киімдері жайында және балалардың жатын бөлмелерін қалай тазалап, төсек жабқыштарын қалай және қашан ауыстырып, жууға беретіні, т.б. жайында айтып, қорытындылай келе балабақшамыда барлық санитарлық-гигиеналық талаптар толық орындалып жатқанын айтып, сөзін аяқтады.

**2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Тәрбие – тал бесіктен басталады» тақырыбында баяндаманы әдіскер У.О.Ахметова оқыды.**

- «Адамның адамшылығы –ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.» А. Құнанбаев атамыз айтқан екен. Ал, «Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ. «Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», — деген екен М.Жұмабаев. Қандай тауып айтылған даналы сөздер десенізші.

Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Балалар тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген ғой. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, бірлесіп, аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Нашар бала болмайды. Бау-бақшаны баптап, күтіп суарсаң ғана жемісіне кенелесің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен балабақшаның міндеті. Өмір шындығына жүгінсек, тәрбие бастауы, оның қайнар көзі, ананың сүтінен нәр алып өскен ортасына тікелей байланысты.

«Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақтың мағыналы сөздерінде үлкен астар бар сияқты. Алайда, жұмысымызда байқап жүргеніміздей ата-аналарымыздың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі қателіктер де көрініс беруде. Кейбір ата-аналар: «Баламды киіммен, тамақпен қамтамасыз етем, тәрбие беру – бақшаның ісі» деп түсінетін ата-аналар да кездеседі. Бала тәрбиесін тек балабақшаға ғана аударып қоймай, ата-ана, балабақша бірлесе отырып жұмыс жасау, тәрбиеші үшін де, ата-аналар үшін тәрбиелік жұмыс жүргізуді жан-жақты қарастырып, тиянақты көрсететін тұлға – ол ата - анасы мен тәрбиешісі болып табылады,- деп әдіскер бала тәрбиесінде қолданылатын ата - бабаларымыздың өнегелі сөздерін оқып, баланы өсіріп тәрбиелеу –ата-ана ең басты міндеті екенін, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алатынын және тәрбиелеу барысында қазақтың салт-дәстүрлерінің, тыйым сөздерінің рөлі жайында оқып шықты.

- Қорыта келе, «Тәрбие тал бесіктен»-дейді атамыз қазақ. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі баланың өсіп жетілуінің негізі отбасында жатыр, «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді»деген сөз ата –ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Егемен еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы –мемлекеттің негізгі буыны. Сондықтан да бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамай, жауапкершілікпен қарайық дегім келеді,- деп әдіскер баяндамасын қорытындылады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Наурыз мерекесі - ата-аналар үшін ашық есік күні. Келініздер, бірге тойлайық» жайында меңгеріші сөз алды.

- Құрметті ата-аналар, алдағы уақытта Наурыз мерекесіне орай біздің балабақшамызда ашық есік күні ұйымдастыру жоспарлануда. 22 Наурыз Жаңа жыл мерекесіне орай, біздің балабақшамызда наурыз көже, бауырсақтар пісіріліп, балаларға және ата-аналарға беріледі. Біздің балабақшамыз сол мерекеге орай, ертеңгілік ұйымдастырып, сіздерді қонақ ретінде және осы ертеңгіліктің керемет өтуіне ат салысуға шақырады. Бұл керемет ертеңгілікте қазақтың салт дәстүрлерін көрсетеміз, қазақтың ұлттық ойындарын ойнатамыз және Қыдыр Ата рөлім сомдайтын кейіпкердің батасын аламыз, - деп меңгеруші ата-аналарды алдын ала ашық есік күніне шақырды.

**4. Әртүрлі мәселер бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.**

- Ал, құрметті ата-аналар сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынбыз, - деп сөз кезегін ата-аналарға берді.

- Менің бір ұсынысым бар еді, - деп сөз кезегін Скворцов Евгений сөз алды. Біз ата-аналар азаннан кешке дейін жұмыстамыз. Балаларымыз күні бойы 5 күн бойы осы бақшада тәрбиеленеді. Балалармен тек сенбі, жексенбі күндері ғана қыдыртып үлгереміз. Сондықтан сіздерге деген бір ұсынысым бар. Жиі - жиі бақшаңызға циркті, қуыршақ театрларын шақыртып отырсаңыздар. Балалар мәз болып, көңіл күйлері көтеріліп қалар еді, - деп ұсынысын айтты.

- Жарайды, біз қарсы емеспіз, балалар үшін шақырамыз, - деп меңгеруші жауап берді.

- Менің балам сіздерге жаңадан келді, - деп сөз кезегін ата-ана Асанбаева А. алды. Менің баламда сүттен аллергиясы бар. Бірақ сіздерде таңғы ас сүттен жасалған ботқа екен. Не істесек болады. Балам сүттен бықтырылған ботқаны жемейді, сондықтан балам аш қала деп уайымдаймын.

- Балаңыз үшін уайымдағаныңыз өте орынды. Біздің бакшамызда сүттен аллергиясы бар балалар бар. Біз оларға бөлек, сүт қоспай, оларға дәмді ботка дайындаймыз. Сіздің де балаңызға сол боткадан құйып береміз. Ал, ата аналар сұрақтарыңыз жоқ болса жиналысымызды аяқтайық, - деп меңгеруші ата-аналармен қош айтысты.

## Менгеруші:

### Хатшы:

**Л.И.Яворская**

**С.С.Маманова**

## №3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Қатыскандар саны: 53

14.05.2026ж.

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның жылдық қорытынды есебі.
2. Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Балабақшаның жылдық қорытынды есебі» тақырыбында сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус сөз алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Балабақша ұжымы ұйымдастырып отырған жиналысымызға қош келдіңіздер. Мінеки, оқу жылының соңы да келіп қалды. Оқу жылында барлық жоспарлаған жұмысымызды іске асырып, көп нәтиже көрдік. Биыл біздің бақшамызды 2 топ бітіріп жатыр. Олар: Лучик және Динозаврики мектепалды даярлық топтары. Алдағы уақытта выпускной, яғни бітірушілердің ертеңгіліктері ұйымдастырылуда.

Жыл бойында біздің бақшамызда әртүрлі мерекелерге байланысты ертеңгіліктер мен тақырыптық сабақтар өткізілді. Барлық ертеңгіліктер ата-аналардың қатысуымен өтті. Оны өздеріңізде білесіздер. Жыл бойында барлық тәрбиешілер ашық сабақтарын өтті, инстаграмм парақшаларына салынды. Жыл бойы әр топтың тәрбиешілері мен әдіскер ата-аналарға әртүрлі тақырыпта кеңестер берді. Біздің балаларымыз «Аяз атаға хат», «Мұқағали өлеңдері», «Абай өлеңдер» атты республикалық деңгейде өткізілген іс-шараларға қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Жыл бойы тәрбиеші балаларға өрт қауіпсіздігі мен жер сілкінісі болған жағдайдағы қауіпсіздік ережелерді түсіндіріп, тәжірибелік сабақтарды да өткізді. Сонымен қатар бақшамызда жыл бойы Хореографиядан, ағылшын тілі және гимнастика, ЛФК – дан қосымша үйірме жұмыстары жұмыс жасады. Балаларыңыз ертеңгілік барысында үйірмеде үйренген өнерлерін көрсетті.

Биылғы оқу жылында біздің тәрбиешіміз Любовь Леонидовна және мен Ольга Александровна аттестациядан өтіп, педагог-модератор санатын алдық. Құттықтап қойсаңыздар болады, -деп сөзін жалғастырды. Биыл жаз уақытында мектепалды даярлық топтарын базадан шығарып, 3 жастағы балаларды қабылдаймыз, - деп толық айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

-Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады. Мектепке

Күзгі ұйымдарда 1 маусым мен 31 тамыз аралығы жазғы сауықтыру кезеңі жазылып саналады. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың барлық әрекетінің түрлері таза ауада ұйымдастырылады. Арнайы жаз уақытында балалардың күн тәртібі жазылып, бекітілді. Сіздерге қысқаша айтып өтейін. Таңертен балаларды бақшаға қабылдау ойын алаңында ұйымдастырылады. Таза ауада балаларды қабылдап, гимнастика жасатып, кейін топ ішіне кіріп, гигиеналық шараларды жасап (яғни, аяқ киімдерін ауыстырып, қолдарын жуып, т.б.) таңғы асқа отырады. Одан соң балалардың еркін әрекеті ұйымдастырылып, одан балалар далаға серуенге шығады. Серуендеу барысында тәрбиеші балаларға әр түрлі қызықты ойындар ұйымдастырады және балалар бассейнге шомылады. Одан кейін балалар топқа кіріп, киімдерін ауыстырып, гигиеналық шараларды жүргізіп, түскі асқа отырады. Одан балалар түскі ұйқыға жатады. Демалып тұрған соң балалар бесін асын жеп, тәрбиеші балалармен қажет болған жағдайда жеке жұмыстар жасап, тәрбиешімен баланың еркін әрекеті ұйымдастырылып өткізіледі. Содан кейін серуенге дайындалып, далаға шығады. Онда балалар еркін ойындар ойнап, көңіл көтереді. Кешкісін ата-аналары келіп балаларын алып қайтады, -деп меңгеруші ары қарай бақшаның жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарымен таныстырып, перспективті жоспарда жазылған ойын түрлерін оқып беріп, жазғы сауықтыру кезеңі балалар үшін өте пайдалы және қызықты өтетінін айтып өтті.

### **3. Күн тәртібіндегі үшінші «Әртүрлі мәселелер» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.**

- Құрметті ата-аналар, балалардың ойын алаңдарына біз биыл газон төсейміз, ол әрі сән береді, әрі балалар үшін қауіпсіздікті сыйлайды. Сонымен қатар, балалар ойнайтып құм салғыштың ішіндегі құмды ауыстырып, жаңа құм әкеліп құямыз. Бақшамыздағы 3 этажда орналасқан музыкалық залда кішігірім ремонт өткізу жоспарлануда. Ол жерді эмулсылап, бояумен бояп, жаңа оқу жылына дайындаймыз. Кәзіргі таңда сырттағы бассейнде қайта жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жазда балалардың шомылуына дайындап жатырмыз. Ал енді сіздерге сөз кезегін берейін, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

- Менің сұрағым бар, - деп Гарибова З. сөз алды. Менің үлкен балам ромашка тобына барады. Ал екінші балам 3 жасқа енді толды. Бізде ваучер бар және біз сіздердің бақшаларыңызға күту парағына қызымды қойып қойғанмын. Сіздерде бала қабылдау қашан басталады, - деп сұрақ қойды.

- Алдағы маусым айында бізде переформирование басталады. Яғни балаларды топтан топқа ауыстыру және мектепке кететін балаларды базадан шығарамыз. Жобалай келе 1 шілдеден бастап 3 жастағы балаларға база ашылса, бірінші күту парағындағы балалар бақшаға қабылданады, - деп меңгеруші жауап берді.

Менің сұрағым бар, - деп Саламат А.сөз алды. Менің қызым 6 жасқа желтоқсан айында толады. Кәзіргі таңда ол мектепалды даярлық тобын аяқтап жатыр. Бізге қыркүйек айында балабақшада бюджетті орында қалуға болады ма?

- Сіздер мектепалды даярлық тобын бітіріп жатырсыздар. Ал баланың жасын есепке алу 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептеледі. Яғни сіздің балаңыз мемлекет тарапынан толық қаржыландырылған, бұл балалар мектепке кетуі керек және мемлекет тарапынан 1 тамыздан бастап қаржыландырылмайды. Сонымен қатар коммерциялық бағамен де біз сіздерді қалдыра алмаймыз: Өйткені бақшада мектепалды даярлық тобы болатын топтарда бала саны толық, - деп жауап берді меңгеруші.

- Менің сұрағым бар,- деп сөз кезегін С.Асанова алды. Жаз уақытында қанша күнге балаларымызға жазғы демалысты ала аламыз?

- Жаз уақытында балаларға 60 күнге дейін орын сақталатын демалыс береміз. Баланың ата-анасы әдіскерге барып, өтініш жазу керек. Бұл өтінішті біз гарден программасына ілеміз. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса жиналысымды аяқтайық. Сау болыңыздар- деп меңгеруші сөзін аяқтап, ата-аналармен қош айтысты.

Меңгеруші:

Хатшы:



О.А.Лигус

С.С.Маманова